

## Ақтөбе қаласының атаусыз көшелеріне атаулар беру туралы

Бірлескен Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық әкімдігінің 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 3573ақ қаулысы және Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 305ш шешімі. Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық Әділет басқармасында 2011 жылғы 20 қаңтарда № 3-1-148 тіркелді.

Ескерту. Бірлескен қаулысының және шешімінің бүкіл мәтін бойынша қазақ тілінде "ауылының" деген сөздері "ауылының" деген сөздерімен ауыстырылды, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 28.08.2018 № 5464а және Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 28.08.2018 № 366 шешімімен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6 бабының 1 тармағының 15 тармақшасына, 31 бабының 2 тармағына және " Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 13 бабының 4 тармағына сәйкес Ақтөбе қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақтөбе қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе қаласының атаусыз көшелеріне:
  - 1) "Авиатор-2" орамындағы атаусыз көшеге: Ұшқыштар;
  - 2) "Елек" ауылының атаусыз көшелеріне: Несібе, Білім, Мұрагер, Қайсар, Сарбаздар, Шаттық, Сәттілік, Керуен;
  - 3) "Россовхоз" ауылының атаусыз көшелеріне: Шеберлер, Кәусар бұлақ, Ұйымшыл, Мейірбан;
  - 4) "Жаңақоныс" ауылының атаусыз көшелеріне: Құрылысшы,0 Ардагер, Салауат, Татулық, Егінді, Дәулет, Үш қоңыр, Саяхат, Табыс, Таңшолпан, Өркен, Ынтымақ, Манас, Күмбезді, Сәулет, Руханият, Дәстүр, Нұрлы, Қамқоршы, Толағай, Ер Төстік, Инабат;
  - 5) "Құрашасай" ауылының атаусыз көшелеріне: Жұлдыз, Бостандық;
  - 6) "Ақжар" ауылының атаусыз көшелеріне: Жібек жолы, Ерлік, Сүмбіле, Мәртебе;
  - 7) "Мағаджан" орман шаруашылығы ауылының атаусыз көшелеріне: Жетісу, Өркениет, Қауымдастық, Қызғалдақ, Алтын дән, Теректі, Аққайың;
  - 8) "Ақшат" ауылының атаусыз көшелеріне: Ақниет, Шуақ;
  - 9) "Белогорка" ауылының атаусыз көшелеріне: Мереке, Жауқазын;
  - 10) "Белогорский карьер" ауылының атаусыз көшесіне: Ақтау;

11) Кеңес Нокин ауылының атаусыз көшелеріне: Кеменгер, Жігер, Балауса, Үркер, Аманат, Ұлан, Серуен;

12) "Қызылжар" ауылының атаусыз көшелеріне: Мамыр, Жас дәурен, Құндызды;

13) "Өлке" ауылының атаусыз көшесіне: Байтақ;

14) "Садовое" ауылының атаусыз көшелеріне: Парасат, Бәйшешек, Сүйінші, Жемісті;

15) "Украинка" ауылының атаусыз көшелеріне: Ұлағат, Қайнар;

16) "Шилісай" ауылының атаусыз көшелеріне: Сабырлы, Аруана атаулары берілсін.

**Ескерту. 1 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 28.08.2018 № 5464а және Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 28.08.2018 № 366 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Осы бірлескен қаулы мен шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе қаласының  
әкімі*

*А. Мұхамбетов*

*Ақтөбе қалалық мәслихатының  
сессия төрағасы*

*А. Шахаров*